



**MATERIAŁY
X MIĘDZYNARODOWEJ
NAUKOWI-PRAKTYCZNEJ
KONFERENCJI**

**NAUKOWA PRZESTRZEŃ
EUROPY - 2014**

07-15 kwietnia 2014 roku

Volume 24

Filologiczne nauki

Przemysł
Nauka i studia
2014

Аманбаева Ю.К., Туребекова Р.С. Коммуникативная потребность, как фактор, определяющий коммуникативную компетентность.....	46
Suleymanova S.A., Nikambayeva S.S. Professional -Communicative Training in Foreign Languages	49
Ыбырайым Ә.О., Кипчакбаева Ш.А. Тілдегі синтаксистік конструкциялардың синонимділігі.....	51
Yemelyanova O., Yurko Y. Foregrounding of the category of emotiveness in the modern English publicistic discourse.....	56
Мишина А., Шагдарова А.Б. Значимость чисел в китайской и русской языковых культурах	61
Резуанова Ғ.Қ. И.Байзақовтың «Ақбөпе» шығармасындағы «ұлттық мінез»... 64	64
Федоренко С.В., Рябцун О.Л. Мотивационный та гендерный аспекти англоязычного рекламного дискурсу.....	70
Кульбаева М.М. ЖОО-да мемлекеттік тілді оқытудағы жаңа технологиялар элементтерін қолдану	73
Садыкова Р.К. Түр-түс символикасы – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын құбылыс	76
Romanuyuk Z. The investigating methods of metaphorical and metonymic concepts	81
Строева Ю.Ю. Семантические особенности англоязычных авиационных рекламных текстов (грамматический уровень).....	85
Нурсейтова А.А. А.Байтұрсынов шығармасындағы қара сөз бен дарынды сөз жүйесі (А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі негізінде)	91
Скакова В.С. Абай өлеңіндегі жалған концептісіне жататын ақпараттық лексемалардың концептілік қызметі.....	94
Орлова С.Н. Иронические эвфемизмы в англоязычной экономической прессе.....	97
Скакова В.С. Концепт ложь.....	100
Левченко І.В. Термін і термінологія в сучасному мовознавстві як базовий аспект розвитку мови.....	103
Қалдыбаева А.К. Неміс және қазақ тілдеріндегі бір өлшемді кеңістікті білдіретін сын есімдер	105

липтических конструкций, изолирования отдельных членов предложения. Эффективность изложения достигается часто за счет экспрессивного порядка слов, использования риторических вопросов и восклицаний.

Литература:

1. Воробьев, Г.Г. Психосемиотика рекламного текста / Психосемиотика познавательной деятельности и общения. – М., 1983. – С. 81 – 94.
2. Горлатов, А.М. Функциональный стиль рекламы в современном немецком языке. – Минск. гос. лингв. ун-т. – Мн., 2002. – 257 с.
3. Иншина, М.Н. Прагматический аспект текстообразования / Прагматика и логика дискурса. – Ижевск: Просвещение, 1991. – С. 25-37.
4. Кожевникова, К.В. Об аспектах связности в текстах как целом / Синтаксис текста. – М., 1979. – С. 65- 69.
5. Колшанский, Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: Наука, 1984. – 124 с.
6. Крюков, А.Н. Фоновые знания и языковая коммуникация / Этнопсихолингвистика. – М.: МГУ, 1988.
7. Лихачев, О.С. Проблема нонсенса в лингвистике / Общая стилистика: Теоретические и прикладные аспекты. – Калинин: КГУ, 1990. – С. 71-81.
8. Силантьев, И.В. От грамматики языка к стилистике речи / Дискурс. – Новосибирск, 1998. – № 5-6.
9. Шаховский, В.И. Коммуникативно-прагматический аспект экспрессивности / Филологическая герменевтика и общая стилистика. – Тверь: ТГПИИЯ, 1992. – С. 125-133.
10. Sowinski B. Stilistik // Stuttgart: Fischer-Tachenbuch-Verlag, 1991. – 247 s.

Нурсейтова А.А.

*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.*

А.БАЙТҰРСЫНОВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАРА СӨЗ БЕН ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІ (А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ)

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ асыл сөз өнерінің ауызша шығарма, жазу әдебиет пен оны дәуірлеу мәселесі (діндар дәуір, ділмар дәуір, сындар дәуір), кезеңдік жүйесінің тегі мен түрлері (әуезе, толғау, айтыс жанрлары) сараланып, жан-жақты талданады. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» асыл сөздің әлемдік мәдениетке тән белгілерін қазақтың

әдебиетіне негіздеп, ұлттық рухта түсіндірді. «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмәр дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер.

«Әдебиет танытқышта» қазақ ауыз әдебиетінің дамуы, қалыптасуы «жұмсалатын орнына қарай»: «*Сауықтама*» (сауық үшін) – «*Ермектеме*» (ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш); «*Зауықтама*» (ертегі жыр-батырлар жыры), тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме); «*Сарындама*» (салт сарыны) – *Салт сөзі*: мысал, ділмәр сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел, жұмбақ; *Ғұрып сөзі*: той бастар, жар-жар, беташар, неке кияр, жарапазан, бата; *Қалып сөзі* (тұрмыс қалпында): жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры деп бөлінеді.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» жазғандай, «жалаң лебізбен айтылған қара сөз «*Сөйлеу*» орнына, көрнекі лебізбен айтылған дарынды сөз «*Толғау*» [1, 252-б.] орнына» жүреді. Адам бір нәрсе туралы сөйлегенде «я тиіс жағынан алып, я түйіс жағынан түрін, түсін, тұрпатын, ісін алып сөйлейді. Көркем сөз – көңіл тілі, дүниеде болуға ықтимал деген нәрселерді сөз етеді, ал жалаң сөз – зейін тілі, дүниеде шын болған нәрсені тұрған қалпындағы айтылатын» [1, 253-б.] мәнісі түсіндіріледі. Ғалым көркем шығарманы талдау барысында кездесетін лингвистикалық, стилистикалық ерекшеліктер мен әдебиеттану саласына қатысты теориялық поэтика мәселесінің (жанр, стиль, жазушы шеберлігі, сюжет, композиция) назардан тыс қалмауын ескертеді. А.Байтұрсынұлы көркем сөзді сынағанда әдебиет түрінің осы төртеуі де түгел жұмсалатынын және көркем сөздің эстетикалық құндылығы мен оның қызметін де жан-жақты қарастырады. Қазақ сөз өнерінің түп-төркініне көз жүгірткен ғалым «... дарынды сөз ақындардың, арқалылардың сөзі болады. Ақындар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, қақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. ...ақын ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады» [1, 272-б.] деп, «*сөйлеу жанрларын*» нақтылайды. Ғалым қазақ сөз өнерінің эстетикалық мәнін және құндылығын осылай түсіндіреді.

Көркем шығармаларды үлгілі жұрттар: 1. «*әуезеленіп айтылуына қарай – әуезе* яғни *эпос*; 2. *толғанып айтылуына қарай – толғау* яғни *лирика*; 3. *ғамалдап айтылуына – айтыс* яғни *драма*» [1, 272-б.] деп, тегі (жанры) мен түріне (вид) қарай үшке бөледі. Бұлай саралау жазба әдебиет түрлеріне келгенмен ауыз әдебиетіне келмейді, сондықтан қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары ғалым жазғандай, «айтылу түріне қарай емес, тұтыну орнына» қарай бөлінеді.

Әуезе (эпос) – « ...тысқарғы ғалам турасындағы сөз» яғни «әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады» [1, 273-б.] деп, *әуезе* жанрының ең басты қасиетін атап береді.

А.Байтұрсынұлы эпостық жыр мен лирикалық күйдің ішкі иірімдерін теориялық парасаттылықпен пайымдайды. Әр нәрсені саңылап, санамызға алған уақытта ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін байқап ой түйеді, адамды түрлі көңіл-күйге түсіреді.

«Әдебиет танытқыш» лирикаға (толғауға) мынадай шарттар қояды: «айтатын нәрсесін толғаушы ішкергі ғаламнан алады; ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіру мақсатпен толғайды. *Толғау* – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі»-дейді [1,274-б.]

А.Байтұрсынұлы саралаған толғау түрлері (сап толғау, марқайыс, налыс (мұңайыс), намыстаныс, сұқтаныс, ойламалдау) арнайы зерттеуді қажет етеді. А.Байтұрсынұлы бөлген «*діндар дәуірдегі*» айтыс пен «*сындар дәуірдегі*» айтыс-тартыс екеуі екі бөлек нәрсе, тек айтыс деген аты жағынан ғана ұқсас. «Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. ... Сөйтіп айтыс шын айтыс емес, тек *шығарманың түрі*» болуға айналғандығын және «бара-бара айтыс өлеңде айтылатын келіссіз істерді, мінездерді алаң айнасына түсіріп көрсететін көбінесе өмір жүзінде, адам арасында болатын ұрыс-керіс, талас-тартыс, алыс-жұлыс, қуаныш-қайғы сияқты түрлі халдар болған себепті сөз өнерінің бір түрі Европа тілінде тек «*Айтыс-тартыс, арпалыс*» [1, Б.275-276] – теориялық тұрғыдан келгенде *драматургия* жанрына яғни *театр өнеріне* тән нәрсе. «*Айтыс* (драма) – сөз өнерінің бір түрі ... қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс, түрлі шығарма ауыз әдебиетінде жоқ» деп, ғалым «ақындар айтысы» мен «айтыс-тартыстың» айырмашылығын осылай анықтады.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеушілердің А.Байтұрсынұлы ұстанған бағыттан айырылып қалуы – «Әдебиет танытқыштың» алпыс жыл бойы баспа бетін көрмей, «шаң басқан архивте» жатуынан. Ғалым жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан заманға көшу себептерін айта келіп: «көп өзгеріс көріп, алғашқы шығарған ақыннан түк белгі қалмағандықтан халық шығармасы, халық әдебиеті деп аталады. *Ауыз шығарманы* (анайы әдебиет) ауыз сөз деп, *жазба шығарманы* (сыпайы әдебиет) ғана әдебиет деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» [1, Б.280-281], – деп түйіндейді. Р.Нұрғали жазғандай, «ауызша сақталған қазақ әдебиеті туралы тұжырымның бастауында А.Байтұрсынұлов тұр. ... ауыз әдебиетін әдебиет деп танығысы келмейтін ғалымдардың бар екенін» [4, 28-б.] көрсетіп отыр. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы олармен келіспейді, себебі оның кейін тұтас концепцияға айналатынын білген.

Бүгінде дүниежүзілік әдебиет тарихының алтын қорына қосылған мұсылман шығыс сөз өнерінің асыл жауһарлары осы «Діндар дәуірдің» аясында дүниеге келген. Х.Досмұхамедұлы орта ғасырлық түркі жазба әдебиетін «Діни сипаттағы әдебиет (литература религиозного характера)» деп атайды, ол: « ...

ісламнің негіздерін, шариғаттарын, қағидалары мен талаптары, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және басқа о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді» [3, 29-б.], – деп нақтылайды.

Діндар дәуір әдебиетіміз араб, парсы әдебиетінен (Шығыс әдебиеті – О.А.) үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болған» [1, 318-б.]. А.Байтұрсынұлы үшін қазақ әдебиетінің хронологиялық шеңберін ғана емес, сөйлеу жүйесіндегі әуезе, толғау, айтыстың орнын айқындап, оны дүниежүзілік әдебиеттанулық ғылымға қатысты салыстыру маңызды болды.

А.Байтұрсынұлы зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ, қатысты сипаттармен ұштастыра отырып, тереңнен талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне тән көркемсөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазған.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуына байланысты қазақ әдебиетінің тарихын қайта жазу барысында «Әдебиет танытқышта» алғаш рет негізделген «*діндар дәуір*» (діншіл) мен «*ділмар дәуірдің*» (тілшең) ғылыми концепциясы уақыт талабына сай жаңа зерттеулермен толығуда. Қазақ әдебиеттану тарихын жаңаша бағамдап, бағалауда «Әдебиет танытқыш» ғылыми-методологиялық маңыздылығы мен құнын жоймай, керісінше ғылымға айрықша қызмет етуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. /Құраст. А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. – Алматы: Алаш, 2003. – I-том. – 408 б.

2 Абылқасымов Б. Телқоңыр (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 б.

3 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

4 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.

Скакова Венера Султановна, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

АБАЙ ӨЛЕҢІНДЕГІ ЖАЛҒАН КОНЦЕПТІСІНЕ ЖАТАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Ұлы Абай өзінің бір өлеңінде адам бойындағы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым» тәрізді асыл қасиеттерге қарсы келетін күнәлардың: «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» екенін санаға әбден құйып аларлықтай жақсы баяндаған. Сол себепті дала данагөйінің: